

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі

1. Үлгерімді ағымдық бақылау

1.1 Үлгерімді ағымдақ бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білім алушылардың кәсіптік оқу бағдарламаларын және жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізіледі.

1.2 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда олардың білімін кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру.

1.3 Үлгерімді ағымдақ бақылау бағасы семинарлық және практикалық сабақтарда зертханалық жұмыстарын, курстық жобаларын (жұмыстарын), семестрлік және есептеу-сызба жұмысын орындау кезінде алған бағаларын қосады, аудиторлық сабақтарға қатыспаун есептегенде. Кафедра әр жұмыс түрінің маңыздылығын (пәндер бойынша ағымдық бақылаудың жалпы бағасының бөлігі) пәндер силлабустарында көрсетіп анықтайды.

1.4 Межелік бақылау бір академиялық кезең аралығында, бір оқу пәні шеңберінде кемінде екі рет өткізіледі. Көлемі бір кредитті құрайтын оқу пәндері үшін бір межелік бақылау семестр бойы жүзеге асырылады.

Ағымдық бақылау бағасы мен межелік бақылау бағаларынан жолдама рейтингінің бағасы жинақталады.

1.5 Сырттай бөлімде оқитын білім алушылар үлгеріміне ағымдық бақылау оқу-емтихан сессиялары басталғанға дейін де, сол кезеңде де жүзеге асырылады, ол академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте сырттай бөлімде оқитын білім алушы оқу-емтихан сессиялары басталғанға дейін барлық түрдегі бақылау және есептеу-графикалық жұмыстарды, курстық жұмыстарды (жобаларды), сондай-ақ үй тапсырмаларының жекелеген түрлерін, СДЖ, пәндерді оқыту бағдарламасына сәйкес межелік бақылауды тапсырады.

1.6 Күндізгі және сырттай бөлімдерде оқитын білім алушылар бірыңғай кәсіптік оқу бағдарламасы бойынша пәндерді бірдей көлемде оқиды. Пәндерді оқытудың тақырыптық жоспарларында өзгешеліктер болады, ол оқудың түрлі нысандары үшін оқытушылардың білім алушылармен байланысты жұмыстарының түрлі көлемінде көрініс табады. Бұл ретте

сырттай оқитын білім алушыларға оқу материалдарының 80 пайызға дейінгі көлемін өз бетінше игеруіне рұқсат етіледі.

2. Білім алушыларды аралық аттестаттау

2.1 ЖОО-да білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттары негізінде әзірленген кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

2.2 Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру және сараланған сынақ түрінде өткізіледі.

2.3 Білім алушылардың аралық аттестаттауын ұйымдастыру мен өткізу офис регистраторға жүктеледі.

2.4 Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің барлық кәсіптік оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру түрі болып табылады және академиялық кезеңдегі оқу жетістіктерін бағалауды көздейді.

2.5 Сараланған сынақтар білім алушылардың дене тәрбиесін ойдағыдай орындағандығын, сондай-ақ кәсіби практика бағдарламасының орындалуын тексеру болып табылады.

Сараланған сынақтар балдық-рейтингтік бағалау жүйесіне сәйкес қойылады және сол жұмыстарға тиісінше кредиттер саны берілген жағдайда көшіру балына есептеуде ескеріледі.

2.6 Емтихан сессияларының кезеңділігі мен ұзақтылығы мамандықтың оқу жұмыс жоспары және ЖОО-ның Ғылыми кеңесінде бекітілген академиялық күнтізбе бойынша анықталады.

2.7 Регистратор секторына оқудың барлық нысандары үшін емтихандар кестесін тиісті факультеттің деканатымен бірлесе отырып жасайды, оқу ісі жөніндегі проректор бекітеді және ол білім алушылардың білім жетістіктері мен оқытушылардың назарына емтихан басталмастан екі апта бұрын жеткізілуі тиіс.

2.8 Емтиханды өткізу үшін біліктіліктері сол пәннің бейініне сәйкес келетін және әдеттегідей сол академиялық топта (толқында) оқыту сабақтарын өткізбеген алдыңғы қатарлы профессорлар мен доценттер арасынан емтихан қабылдаушылар тағайындалады. Белгіленген пән бойынша қажетті оқытушылар саны жетіспеген жағдайда (элективті авторлық, бірегейі курстар және т.б), оқытып жүрген оқытушылар емтиханды қабылдау мүмкін.

2.9 Регистратор секторының жазбаша рұқсатынсыз емтихан өткізу рәсіміне қатыспайтын тұлғалар жіберілмейді.

2.10 Емтихандық сессияға жіберуі екі кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезеңде факультет деканының жалпы шешімімен оқу ақысын толық төлеген, пререквизиттер бойынша академиялық қарызы жоқ, академиялық демалыста немесе ұзақ мерзімді емделуде жоқ білім алушылардың сессияға жіберілуі жүзеге асырылады;

2) екінші кезеңде тиісті пән бойынша үлгерімнің ағымдық және межелік бақылау қорытындысымен анықталатын рейтинг бағасы негізінде емтиханға автоматты түрде жіберілу жүзеге асырылады. Аталған рұқсат беру әрбір білім алушының тегінің қарсы тұсына қойылған регистратор секторының тиісті белгісімен емтихан ведомосы бойынша жүзеге асырылады.

2.11 Аталған пән бойынша рұқсатнама рейтингісінде жағымды бағасы жоқ білім алушылар қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберілмейді.

2.12 Факультет деканы кейбір жағдайларда (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты) білім алушыға емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат бере алады.

Факультет деканына білім алушы аурулығы, сәбидің дүниеге келуі, жақын туыстарының қайтыс болуы, қызметтік немесе оқу іссапарында болуына байланысты жағдайларды растайтын анықтамалар тапсырылған жағдайда емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат беріледі.

2.13 Емтихандар ауызша, жазбаша, тест немесе аралас түрде өткізіледі. Ауызша түрде бір күнде екі немесе одан көп емтихан тапсыруға рұқсат етілмейді. Тест нысаны кезінде екі немесе одан да көп пәндердің бейіндік және жақындық принципін сақтай отырып, емтихан кешенді түрде өтуі де мүмкін.

2.14 Әрбір оқу пәні бойынша емтиханды өткізудің нысандары мен тәртібі ЖОО-ның факультет ғылыми кеңесімен академиялық кезең басталғаннан бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей белгіленеді.

2.15 Емтиханға келген білім алушылардың қолында студенттік билет (сынақ кітапшасы) болуы тиіс.

2.16 Қорытынды бақылау өткізу үшін регистратор секторы тарапынан емтихан қабылдаушыға жіберілу рейтингі көрсетілген емтихан ведомосын беріледі.

2.17 Емтиханда білім алушының үлгерімі білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

2.18 Пәннің қорытынды бағасының құрамына жіберу рейтингінің бағасы мен қорытынды бақылау бағалары кіреді.

Үлгерімді ағымдық бақылаудың бағасы (жіберілу рейтингі) пән бойынша қорытынды бағаның 60 %-ын құрайды және емтихан бағасы пән бойынша қорытынды бағаның 40 %-ын құрайды.

2.19 Оң қорытынды баға тиісті пән бойынша белгіленген кредит санымен игерілген кредиттерді толықтыруға негіз болып, білім алушының транскрипіне жазылады.

2.20 Білім алушы қорытынды бақылаудан (емтиханнан) «қанағаттанарлық-сыз» деген баға алған жағдайда пән бойынша қорытынды баға есептелмейді.

2.21 Емтихан ведомосы регистратор секторына тапсырылады, ол бүкіл оқу кезеңінде барлық білім алушылардың кредиттер санын есептеумен және жинақтаумен айналысады.

Деканатта әрбір оқу пәнінің емтихан ведомосы негізінде аралық аттестаттау бойынша жинақ ведомосы толтырылады.

2.22 Оқудың барлық нысандарына бірдей пәндердің оқу бағдарламасында бекітілген жұмыс және жеке оқу жоспарына сәйкес білім алушылар барлық емтихандарын тапсырады.

2.23 Білім алушылар пәндердің қосымша оқу түрлері бойынша емтихан тапсыра алады, олардың тапсыру нәтижелері емтихан ведомосына, сынақ кітапшасына және транскриптке жазылады (әскери дайындықтан басқасы).

2.24 «Қанағаттанарлықсыз» бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін білім алушы келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Мұндай жағдайда білім алушы белгіленген тәртіп бойынша оқу пәніне жазылу рәсімінен қайта өтеді.

2.25 Егер білім алушы оқу бағдарламасын толық көлемде орындай отырып, емтиханға келмесе, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Білім алушының дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріліп, қайта тапсырылуы осы Ереженің 2.24-тармақшасы бойынша жүзеге асырылады.

2.26 Қорытынды бақылауда қанағаттанарлық бағаны көтеру мақсатында оны аралық аттестаттау кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Қорытынды аттестаттаудың оң бағасын қайта тапсыру осы Ереженің 2.24-тармақшасында белгіленеді.

2.27 Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін білім алушы емтихан өткізілген және бағаны айтқан күннен кейін кешіктірмей апелляция береді.

2.28 ЖОО басшысының бұйрығымен емтихан сессиясы кезеңіне (аралық аттестаттау) апелляцияланатын пәндерге мамандығы сәйкес келетін оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

2.29 Апелляция нәтижелері хаттамамен ресімделеді және оның шешімі негізінде білім алушының жеке емтихан ведомосы жасалады, ол негізгі емтихан ведомосына тіркеледі.

2.30 Регистратор секторы емтихан сессияларының қорытындысы бойынша жаздық семестр нәтижелерін есепке ала отырып, білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің ортасалмақ бағасы болатын өту балын есептейді.

2.31 Әрбір оқу жылына оқу курс шеңберінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен курстан курсқа көшіру үшін өту балының төменгі деңгейінің көлемі анықталады.

2.32 Ең төменгі өту балын алған білім алушылар факультет деканының ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

2.33 Ең төменгі өту балын ала алмаған білім алушы оқу курсына қайта оқуға қалдырылады.

2.34 Курс бағдарламасын толығымен өтіп, белгіленген өту балының ең төменгі деңгейіне жете алмаған білім алушыға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) жоғарылатуы үшін жазғы семестрде белгілі бір пәндерді (мемлекеттік

емтихан тапсырылатын «Қазақстан тарихы» пәнінен басқа) белгіленген тәртіп бойынша, ақылы түрде қайта оқуына және сол пәндерден қайта емтихан тапсыруына мүмкіндік беріледі.

2.35 Қайта тапсырылған емтиханнан қанағаттанарлық нәтиже алған жағдайда қорытынды баға қайта есептеліп, ол емтихандық ведомосы мен сынақ кітапшасына және транскриптке жазылады.

Жіберу рейтингісін есептеуде әр пән бойынша соңғы бағалар есепке алынады.

2.36 Транскрипке білім алушының қайта тапсырған емтихандарының оң нәтижелерімен қоса барлық қорытынды бағалары жазылады.

2.37 Оқу курсына қайта қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары немесе жаңа жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады.

2.38 Өту балы жетіп, келесі курсқа ауыстырылған академиялық берешегі бар студент сол пәнді ақылы негізде қайта оқып, академиялық қарыздарын жоюы тиіс.

2.39 Академиялық қарызы бар пәндер келесі семестрде өтілетін пәндер үшін пререквизит болып саналмайды.

2.40 Емтихандар сессиясының қорытындысы және оқу үрдісін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихандық сессия (аралық аттестаттау) аяқталғаннан кейін кафедра, деканат мәжілістерінде, ЖОО кеңесінде талқылануға ұсынылады.

2.41 ЖОО-дан шығарылған тұлғаға білімі аяқталмағандығы туралы Анықтама беріледі.

2.42 Емтихан сессиясын ойдағыдай аяқтаған сырттай оқу бөлімі білім алушыларына келесі емтихан сессиясына шақыру-анықтамасы беріледі.

Шақыру-анықтамаларын беру мен сырттай оқу бөлімі білім алушыларының емтихан сессиясына қатысуы қатаң есепке алынады.

3. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан

3.1 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттау кезеңінде өткізіледі.

3.2 Барлық бакалавр мамандығындағы білім алушылары «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оны оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

3.3 Қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім базасында жеделдете оқыту мерзімінде білім алатын білім алушылар «Қазақстан тарихы» пәнін оқуға және осы пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсыруға міндетті.

3.4 Қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша жоғары кәсіптік білім базасында жеделдете оқыту мерзімінде білім алатын білім алушылар «Қазақстан тарихы» пәнін оқымайды және мемлекеттік емтихан тапсырмайды.

3.5 Мемлекеттік емтиханға дайындықты факультет деканаты және оқу-әдістемелік басқармасы бірлесе отырып, «Қазақстан тарихы» пәнін оқытатын кафедра (бұдан әрі – кафедра) өткізеді.

3.6 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін кафедра оқудың барлық нысаны мен мамандықтары үшін бірыңғай оқу жұмыс бағдарламасын аталған пән бойынша үлгі оқу бағдарламасы негізінде әзірлейді.

3.7 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес ауызша, жазбаша және тест түрінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік емтиханды өткізу түрі ЖОО-ның Ғылыми кеңесінің шешімімен анықталады.

3.8 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін факультет деканының ұсынысы бойынша құрамында төрағасы мен мүшелері бар Мемлекеттік емтихан комиссиясы (бұдан әрі – МЕК) күнтізбелік жылға құрылады.

3.9 МЕК төрағасының кандидатурасы ағымдағы оқу жылының 1-қарашасынан кешіктірілмей білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕК төрағасы ағымдағы оқу жылының 1-желтоқсанынан кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітіледі.

3.10 МЕК құрамы жоғары білікті оқытушылардан ЖОО басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.11 МЕК отырыстарының кестесін регистратор секторы құрады және оны ЖОО басшысы мемлекеттік емтиханның басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей бекітеді. МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

3.12 МЕК отырыстары әр студент бойынша жеке хаттамамен осы Ереженің 3-қосымшасындағы нысанға сәйкес ресімделеді және оған комиссия төрағасы мен отырысқа қатысқан мүшелер қол қояды.

3.13 МЕК отырысының хаттамасын аталған пән бойынша сабақ беретін кафедраның оқу-көмекші қызметкерлерінің өкілі арасынан тағайындалған хатшы жүргізеді.

3.14 МЕК отырысының хаттамалары мемлекеттік емтихан басталмастан бұрын А4 форматында түптеліп, нөмірленіп, бумаланады және оқу-әдістемелік бөлімінің мөрімен бекітіледі.

3.15 Егер білім алушы МЕК отырысына келмесе, хаттамасында оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады.

3.16 Мемлекеттік емтихан нәтижелері білім алушылардың білімін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша бағаланады

3.17 «Қазақстан тарихы» пәнінен тапсырылған мемлекеттік емтихан нәтижелері бойынша білім алушыларға жіберілу рейтингі бағасы мен мемлекеттік емтихан бағасы ескеріле отырып, қорытынды баға қойылады. Бұл ретте жіберілу рейтингісінің бағасы пән бойынша білімнің қорытынды бағасы 60 %-ын құрайды және мемлекеттік емтихан бағасы 40%-ын құрайды.

3.18 Білім алушы мемлекеттік емтихан қорытындысымен келіспесе, емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей мемлекеттік емтихан комиссиясына (МЕК) апелляция беруіне болады.

3.19 Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда МЕК мәжілісінің хаттамасы қайтадан ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды «Баға _____ № _____ хаттамамен қайта қаралды ___ бет» деген жазумен өзгертіледі және оған қатысқан МЕК мүшелерінің бәрі қол қояды.

3.20 Білім алушы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, ол ақылы түрде келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде осы пәнге жазылып оның барлық оқу сабақтарына қайта қатысып, ағымдық бақылау талаптарын орындап, мемлекеттік емтиханға жолдама алады және оны тапсырады.

3.21 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан алған оң бағаны көтеру үшін қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.22 Апелляция өткізу үшін ЖОО басшысының бұйрығымен аталған пән бойынша тәжірибелі оқытушылардан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша апелляциялық комиссия құрылады.

3.23 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды тапсырудың нәтижелері оны тапсыру қаралған сол емтихандық сессияның қорытындысын шығару кезінде есепке алынады.

3.24 МЕК-ның жұмысы аяқталғаннан соң Комиссия төрағасы есеп жазады, ол университет Ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітілгеннен кейін білім саласындағы өкілетті органға тапсырылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан төрағасының есептері қысқы емтихан тапсыру бойынша 1 наурыздан, ал жазғы емтихан тапсыру бойынша 1 тамыздан кешіктірілмей тапсырылуы тиіс.

Жоғары және жоғару оқу орынан кейінгі білім беру мемлекеттік жалпы білім стандарттары (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы) мен Жоғары және жоғару оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы) бекітілуге байланысты осы Ереже қолданыстағының орнына әзірленген (27.06.2011 жылғы № 67 бұйрығы).

АЭЖБУ 08.01.2014 ж. Ғылыми кеңестің отырысында қарастырылды және мақұлданды (№ 3 хаттама).

ОӘЖ проректоры

С. Коньшин

ОӘБ бастығы

М. Мустафин

**Дәстүрлі шкалаға ауыстырылған білім алушылардың оқу жетістіктері
бағаларының балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-тік құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша
Мемлекеттік емтихан комиссиясы отырысының
№ ___ ХАТТАМАСЫ
(әрбір студентке толтырылады)

20__ж. «___» _____ сағ. ___ минуттан ___ сағ. ___ минутке дейін

Қатысқандар: Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы _____

_____ (аты-жөні, тегі, ғылыми деңгейі, ғылыми атағы)

_____ ұйым атауы, атқаратын қызметі)

Комиссия мүшелері:

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру туралы

1. Емтихан тапсырушы студент _____
(аты-жөні, тегі, мамандығы)

2. Сұрақтар: (тестілеу қорытындылары)

1 _____

2 _____

3 _____

3. Студент _____
(аты-жөні, тегі)

Рұқсат беру рейтингі _____
(жіберілу рейтингі балдық-рейтингтік жүйеде: әріптік

_____ баға, сандық эквивалент, пайыздық құрамы және дәстүрлік баға)

4. Студент _____
(аты-жөні, тегі)

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды _____
бағасымен тапсырды _____
(баға әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша көрсетіледі)

5. Мемлекеттік емтихан комиссиясының ерекше пікірлері _____

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

Хатшы _____ (қолы)